

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КӨЛІК – ЭНЕРГЕТИКА ФАКУЛЬТЕТІ



***«КӨЛІК ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШУ ТӘСІЛДЕРІ» XI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАЛАР  
ЖИНАҒЫ***

***СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО – ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ: «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТРАНСПОРТА И  
ЭНЕРГЕТИКИ: ПУТИ ИХ ИННОВАЦИОННОГО РЕШЕНИЯ»***

***PROCEEDINGS OF THE XI INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICE  
CONFERENCE «ACTUAL PROBLEMS OF TRANSPORT AND ENERGY:  
THE WAYS OF ITS INNOVATIVE SOLUTIONS»***

Астана, 2023

**УДК 656+620.9**  
**ББК 39+31**  
**А43**

**Редакционная коллегия:**

Председатель – Курмангалиева Ж.Д. Член Правления – Проректор по науке, коммерциализации и интернационализации; Заместитель председателя – Кокаев У.Ш. декан транспортно-энергетического факультета, к.т.н., доцент; Султанов Т.Т. – заместитель декана по научной работе, к.т.н., доцент; Арпабеков М.И. – заведующий кафедрой «Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта», д.т.н., профессор; Тогизбаева Б.Б. – заведующий кафедрой «Транспорт, транспортная техника и технологии», д.т.н., профессор; Байхожаева Б.У. – заведующий кафедрой «Стандартизация, сертификация и метрология», д.т.н., профессор; Сакипов К.Е.– заведующий кафедрой «Теплоэнергетика», к.т.н., доцент; Жакишев Б.А.– заведующий кафедрой «Электроэнергетика», к.т.н., доцент.

**А43 Актуальные проблемы транспорта и энергетики:** пути их инновационного решения: XI Международная научно – практическая конференция, г. Астана, 16 марта 2023/Подгот. Ж.Д. Курмангалиева, У.Ш. Кокаев, Т.Т. Султанов – Астана, 2023. – 709с.

**ISBN 978-601-337-844-2**

В сборник включены материалы XI Международной научно – практической конференции на тему: «Актуальные проблемы транспорта и энергетики: пути их инновационного решения», проходившей в г. Астана 16 марта 2023 года.

Тематика статей и докладов участников конференции посвящена актуальным вопросам организации перевозок, движения и эксплуатации транспорта, стандартизации, метрологии и сертификации, транспорту, транспортной техники и технологии, теплоэнергетики и электроэнергетики.

Материалы конференции дают отражение научной деятельности ведущих ученых дальнего и ближнего зарубежья, Республики Казахстан и могут быть полезными для докторантов, магистрантов и студентов.



**КО ТР 18 «ДОҢҒАЛАҚТЫ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ» ТЕХНИКАЛЫҚ  
РЕГЛАМЕНТІНЕ СӘЙКЕС ДОҢҒАЛАҚТЫ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ СӘЙКЕСТІГІН  
РАСТАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Ермаханова Ф.Р.**

*fatima\_rimovna@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ көлік-энергетика факультетінің  
«Стандарттау, сертификаттау және метрология» кафедрасының доценті, т.ғ.к.

**Асылбекова М.Т.**

*asibekovamaral@icloud.com*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ көлік-энергетика факультетінің  
«Стандарттау және сертификаттау» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті

**Ходжабаева Б.Т.**

*balnurkhodzhabaeva@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ көлік-энергетика факультетінің  
«Стандарттау және сертификаттау» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті

Қазіргі таңда ең көп таралған көлік түрі бұл автомобиль. Техникалық реттеу жүйесін құру-бұл бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан өте ұзақ және күрделі процесс. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Кеден одағы комиссиясының 2011.12.09 № 877 шешімімен бекітілген "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламенті күшіне енді. Кеден одағының "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің күші жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында пайдалануға арналған доңғалақты көлік құралдарына, көлік құралдарының қауіпсіздігіне әсер ететін шассилер мен көлік құралдарының компоненттеріне қолданылады.

Осы Техникалық регламенттің күші қолданылатын техникалық реттеу объектілеріне мыналар жатады: L санаттағы дөңгелекті көлік құралдары (мотокөлік құралдары), M (кемінде төрт дөңгелегі бар және жолаушыларды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдары), N (жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдары - жүк автомобильдері және олардың шассилері) және O (L, M, N санаттағы көлік құралдарына тіркемелер (жартылай тіркемелер), жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында пайдалануға арналған, сондай-ақ шасси; көлік құралдарының қауіпсіздігіне әсер ететін көлік құралдарының компоненттері. 1 – суретте КО ТР 018 регламенті бойынша автомобильдің категориялары суреттелген.

Бұдан басқа, Кеден одағының техникалық регламентінің 19-тармағына сәйкес рульдік басқарудың M2 және M3 санаттары оң жақта орналасқан көлік құралдарын айналысқа шығаруға тыйым салынады.


Сәйкестікті бағалау - бұл объектінің мәлімделген талаптарға сәйкестігін тікелей немесе жанама растау. Доңғалақты көлік құралдары үшін сәйкестікті бағалау нысандары мен оларды орындау қағидалары техникалық регламентті белгілейді.

Сәйкестікті бағалау - бұл нарықтағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің іс - әрекеттерін ұйымдастыруға шақырылған Техникалық реттеу элементтерінің бірі. Сәйкестікті бағалау-бұл мәлімделген талаптардың орындалуын тікелей немесе жанама анықтаумен байланысты қызмет.



1 - сурет. КО ТР 018 регламент бойынша категориялар

Нормаларға сәйкес келетін, көлік құралының типі мақұлданған (шассиді мақұлдаған) көлік құралдары, сондай-ақ сәйкестік сертификаттары немесе сәйкестік туралы декларациясы бар көлік құралдарының элементтері бірыңғай айналым белгісімен белгіленеді (2 - сурет).



2- сурет. Таңбалау үлгісі

Көлік құралдарының (шассидің) үлгілеріне қойылатын талаптардың орындалуын тексеруді Кеден одағының сертификаттау жөніндегі органдары мен сынақ зертханаларының (орталықтарының) бірыңғай тізіліміне енгізілген және үлгіні мақұлдауды жүргізу үшін Кеден одағына мүше мемлекет мәлімдеген сертификаттау жөніндегі аккредиттелген органдар (бұдан әрі - сертификаттау жөніндегі органдар) жүзеге асырады.

Қажетті сынақтарды құзыреті Кеден одағының сертификаттау жөніндегі органдарының және сынақ зертханаларының (орталықтарының) бірыңғай тізіліміне енгізілген ISO 17025 стандартының талаптарына сәйкес келетін сынақ зертханалары (аккредиттелген сынақ зертханалары) жүргізеді.

Егер көлік құралдары (шасси) Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында жасалса, онда үлгіні мақұлдауды жүргізу кезінде Кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген және көлік құралын дайындаушының халықаралық сәйкестендіру коды берілген осы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дайындаушы немесе оның атынан әрекет ететін дайындаушының ресми өкілі өтініш беруші бола алады.

Кеден одағына мүше мемлекеттің резиденті болып табылмайтын дайындаушы Кеден одағына мүше әрбір мемлекетте типі мақұлданғаннан өткен айналысқа шығарылатын өнімнің техникалық регламент талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін дайындаушымен бірлесіп жауапты болатын өз өкілін тағайындайды. Кеден одағына мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген және оның резиденті болып табылатын заңды тұлға дайындаушының өкілі болып табылады.

Сәйкестікті бағалау бойынша жұмыс жүргізген дайындаушы өкілінің өкілеттігі тоқтатылған жағдайда, өз өкілеттігін тоқтатқан дайындаушының өкілі көрсетілген осы

Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестікті куәландыратын құжаттардың қолданылуы тоқтатылады.

КО ТР 18 «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі» бойынша өтінім берушінің қалауы бойынша өнім, яғни көлік құралдарының компоненттеріне сертификатта және декларацияда беріледі. Сәйкестік декларациясы, сәйкестік сертификаты сияқты, Қазақстанда және ЕАЭО-ның бүкіл аумағында тауарлық өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін, оның ГОСТ-қа, техникалық регламенттерге және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін міндетті растау болып табылады. Екі құжат та заңды түрде тең. Сәйкестікті растау БҰҰ қағидалары, БҰҰ - ның жаһандық техникалық қағидалары бойынша, ал олар болмаған жағдайда-стандарттар тізбесіне енгізілген стандарттар бойынша жүргізіледі, оларды қолдану нәтижесінде "Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы"Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарын ерікті негізде сақтау қамтамасыз етіледі.

Өтініш беруші ретінде көлік құралдары үшін ауыстырылатын (қосалқы) бөлшектер ретінде жеткізілетін компоненттерді дайындаушы немесе оның атынан әрекет ететін уәкілетті өкіл болады. Көрсетілген өтініш беруші техникалық регламентке сәйкес нақты компоненттер үшін көзделген кез келген сәйкестікті растау нысаны мен схемасын немесе көрсетілген қосымшада көзделгеннен гөрі осындай компоненттер үшін неғұрлым күрделі нысан мен схеманы таңдауға құқылы (сертификаттау жөніндегі органмен келісім бойынша).

Сәйкестікті декларациялауды декларациялау схемаларына байланысты өтініш беруші сәйкестік туралы декларацияны қабылдау арқылы үшінші тараптың (аккредиттелген сынақ зертханасы, сертификаттау жөніндегі орган) қатысуымен алынған өз дәлелдемелерінің және (немесе) дәлелдемелерінің негізінде жүзеге асырады.

Егер сәйкестікті декларациялаудың таңдалған схемасы дайындаушының сапа менеджменті жүйесін сертификаттауды көздесе, өтініш беруші белгіленген тәртіппен аккредиттелген сертификаттау жөніндегі орган берген сапа менеджменті жүйесінің сәйкестік сертификатын ұсынады.

Шығарылатын өнімге сәйкестік сертификаты, дайындаушыдан басқа, сатушыда өнімнің шығу тегін растайтын дайындаушыдан құжаттар болған жағдайда, келісімшарт негізінде өнімді сатып алатын сатушыға берілуі мүмкін.

КО ТР 18 «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі»техникалық регламентіне сәйкес доңғалақты көлік құралдарының сәйкестігін растау ерекшеліктері:

1. Көлік құралдарының компоненттеріне сертификатта және декларацияда беріледі;
2. КО ТР 18 техникалық регламент бойынша дайындаушыдан басқа, сатушыда келісімшарт арқылы өнімнің шығу тегін, сәйкестігін растайтын құжат (сәйкестік сертификаты және сәйкестік декларациясы) жасата алады.

Бұл ерекшеліктер арқылы доңғалақты көлік құралдарының өнімі көбейіп, сату айналымы жоғарылайды

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Буранбаев А.Б. автокомпоненттер өндірісін дамыту перспективалары Қазақстан / Қазақстан машина жасаушыларының форумы, Астана 2019.
2. "Механикалық техниканы дамыту бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі номері:1002 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1469 қаулысы.
3. Кеден одағының «Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентін қабылдау туралы: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/H11T0000877>.